

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

“Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеу: мамандардың өзара әрекеті және дамытушы орта”

Дайындаған: балабақша психологы: Г.М.Жұмабаева

2026 жыл

Тақырыбы: “Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды сүйемелдеу: мамандардың өзара әрекеті және дамытушы орта”

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде инклюзивті білім беруді дамыту – басым бағыттардың бірі. Әр баланың жеке ерекшеліктеріне сай білім алуға құқығы бар. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуде жүйелі, кешенді тәсіл қажет. Бұл баяндамада 3 негізгі мәселе қарастырылады: ерекше балалар кімдер, мамандар қалай бірге жұмыс істейді және үй мен МДҰ-дағы дамытушы ортаның рөлі.

I. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар түсінігі

ЕБҚ балалар – денсаулығының, психофизикалық дамуының ерекшелігіне байланысты жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеусіз игере алмайтын балалар. Оларға жататындар:

Ақыл-ой дамуы тежелген, ЗПР, ақыл-ойы артта қалған балалар

Аутизм спектрінің бұзылуы бар балалар

Сөйлеу тілінің бұзылуы: алалия, дизартрия, дислалия

Есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар

Эмоциялық-еріктік саласы бұзылған балалар

Маңыздысы: ЕБҚ бала – бұл диагноз емес, білім берудегі ерекше қажеттіліктің белгісі. Дұрыс қолдау көрсетілсе, бұл балалар мектепті бітіріп, қоғамға бейімделе алады.

II. Мамандардың өзара әрекеті – сүйемелдеудің негізі

Бір маманның күшімен нәтижеге жету мүмкін емес. Сондықтан ПМПк – психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес негізінде командалық жұмыс ұйымдастырылады.

Команда құрамы және міндеті:

Психолог – эмоциялық күйді тұрақтандырады, мінез-құлықты түзетеді, ата-анамен жұмыс істейді.

Тәрбиеші/Мұғалім – күнделікті оқу-тәрбие процесінде Жеке Даму Бағдарламасын іске асырады.

Дәрігер – медициналық сүйемелдеу жүргізеді.

Өзара әрекет алгоритмі:

Бастапқы диагностика және ПМПк отырысы

Әр балаға жеке даму бағдарламасы ЖДБ жасау

Апталық/айлық мониторинг және нәтижені талдау

Ата-ананы процессқа міндетті түрде тарту

Негізгі қағида – ақпарат ашықтығы және бір мақсатқа бағытталу. Мамандар арасында ортақ дәптер, күнделік, онлайн платформа арқылы байланыс орнатылады.

III. Үйде және МДҰ-дағы дамытушы орта

Баланың дамуы үшін ортаның рөлі зор. МДҰ мен үйдегі орта бір принципте құрылуы керек, әйтпесе бала бейімделе алмайды.

МДҰ-дағы талаптар:

Құрылымдалған кеңістік: ойын, оқу, тынығу, сенсорлық бұрыштар

Көрнекі қолдау: күн тәртібі суретпен, “алдымен-сосын” тақтасы, PECS жүйесі

Тыныштық бұрышы: бала өзін реттеу үшін баратын қауіпсіз орын

Қолжетімді материалдар: баланың деңгейіне сай дидактикалық ойындар

Үйдегі ортаны ұйымдастыру:

Балабақшадағы режим мен ережелерді үйде жалғастыру

Ата-анаға арналған нақты ұсыныстар: күніне 15-20 мин дамыту ойындары, нақты қысқа нұсқаулар беру

Артық дыбыс пен визуалды жүктемені азайту
Баланың өздігінен әрекет етуіне мүмкіндік беру

Зерттеулер көрсеткендей, үй мен балабақшаның талаптары сәйкес келгенде баланың прогресі 2-3 есе артады.

Қорытынды

Ерекше білім беруді қажет ететін баланы тәрбиелеу – бұл бір маманның емес, бүкіл команданың және отбасының ортақ жұмысы. Сәттіліктің 3 шарты бар:

Баланың қажеттілігін дұрыс анықтау

Мамандардың үйлесімді әрекеті

Үй мен МДҰ-дағы бірыңғай дамытушы орта

Тек осы жүйелі жұмыс арқылы баланың әлеуметтенуіне, оқуға деген қызығушылығының артуына және дербес өмірге дайындығына қол жеткіземіз.